

2014 жылы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешен саласы мамандарына тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін көтерме жәрдемақы және әлеуметтік қолдау ұсыну туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 26/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде N 2696 болып тіркелді

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидасын бекіту туралы» 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидасының 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Жамбыл аудандық әкімі мәлімдеген қажеттілікті есепке ала отырып, 2014 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласы мамандарына берілсін:

1) өтініш берген сәтте жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме ж ә р д е м а қ ы ;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – өтініш берген сәтте бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Осы шешімнің 1 тармағы ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

3. «Солтүстік Қазақстан Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі уәкілетті орган ретінде, осы шешімнің жүзеге асырылуына шаралар қолдансын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қарым-қатынастарға таратылады.

	<i>Ж а м б ы л</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>	<i>к е з е к т і</i>
<i>XXVI сессиясының төрағасы</i>	<i>А. Сұрағанов</i>	
	<i>Ж а м б ы л</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Б. Мұсабаев</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК